БЕКІТЕМІН
Қарағанды облысы білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының директоры
_____ Б.Абдикерова
«25» 03 _____2021 ж.

«Болашаққа жолдама» облыстық форумының аясында өтетін «Жаңа мамандықтар атласы» бейнероликтер алаңқайының ережесі

I. Алаңқай мақсаты – Оқушыларға кәсіптік бағдар беру жұмысының үздік медиатәжірибесін көрсету.

II. Алаңқай міндеттері:
- Оқушыларға кәсіптік бағдар беру жұмысы бойынша бейнересурстар жасау тәжірибесімен алмасу;
- Қазіргі заманғы қоғамдағы өзекті жаңа мамандықтарды анықтау;
-Жаңа мамандықтардың ерекшеліктерімен таныстыру, осы мамандық дағдыларын меңгеру үшін қажетті кейбір құзіреттіліктерді анықтау, оқушының өз қабілетіне лайықты мамандық таңдауына көмек көрсету;
- бейнероликтер альбомы блогын – кәсіптік бағдар беру альманағын жасау.

III. Форум аясындағы алаңқайды ұйымдастырушылар: Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы және «Мұрагер» мамандандырылған мектеп-интернаты КММ.

IV. Әлеуметтік серіктестер: Қарағанды облысының ЖОО-ы, колледждері.

V. Конкурсқа қатысушылар: 8-10 сынып оқушылары, педагогтер, мектептегі кәсіптік бағдар беру жұмысын жетекшілік ететін директордың орынбасарлары.

VI. конкурстық өткізілу тәртібі және мерзімі

6.1. I кезең – аудандық - қалалық: 2021 жылдың 15 наурызы -15 сәуірі
6.2. II кезең - облыстық іріктеу: 20-26 сәуір. Іріктеу кезеңіне қатысуға әр өңірден 1-2 үздік жұмыс әр бағыт бойынша жолданады.
6.3 III кезең - «Болашаққа жолдама» форумының облыстық Бірыңғай күні – 30 сәуір. III кезеңге әр бағыт бойынша 6 үздік жұмыс қатысады.
6.4 Облыстық іріктеу кезеңіне қатысушылардың жұмыстары және қатысуға өтінімдері білім бөлімі қалалық/аудандық кезеңнің қорытындылары бойынша

19.04.2021ж. дейін umc.forum@umckrg.gov.kz электронды поштасына жіберіледі.

VII. Бейнефильмдердің ұсынылатын тақырыптары (қатысушылар өз тақырыбын ұсына алады):
- «Менің отбасылық әулетім» (мамандық бағыты);
- «Еңбекпен қамтудың үздік нысандары»;
- «Болашақтың құзіреттері»;
- «Болашақтың жаңа мамандықтары» (ИТ – медик, биоэтик, агроинформатик, ақылды жолдар құрылысшысы, кибер тергеуші, медициналық роботтарды жобалаушы, ұшқышсыз авиация, космогеолог, космобиолог, ғарыштық туризм менеджері, молекулярлық диетолог, желілік заңгер, прораб-вотчер, стартап менторы, майнд-фитнес жаттықтырушысы, тур-навигатор жасаушы, инфостилист, виртуальды әлем дизайнері, урбанист-эколог, жүйелік биотехнолог, ГМО-агроном және т.б.)
- «Заманауи салалық трендтер»;
- «Еңбек нарығының болашағы»;
- «Еңбек нарығын өзгерту тенденциялары»;
- «Болашақтың жұмысы»;
- «Әлем болашақ мамандықтар көзімен».

VIII. Бейнематериалдарға қойылатын талаптар:
8.1. Бейнежазылым ұзақтығы 3 минут, файл форматы mp 4, көлемі – 500 мб дейін.

IX. Бағалау критерийлері:
- ұсынылатын материалдың өзектілігі және өзіндік ерекшелігі;
- жұмыстың техникалық талаптарға сай болуы;
- жұмыс мазмұнының Форум тақырыбына сай болуы;
- жұмыстың өзіндік ерекшелігі;
- жұмыстың құрылымдық тұтастығы.

X. Қорытындылау, марапаттау
10.1. «Үздік кәсіптік бағдар беруші» секциясы бойынша қазылар алқасының шешімімен анықталған жеңімпаздар Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының I, II, III дәрежелі дипломдарымен марапатталады.
10.2. Секцияға қатысқандар қатысушы сертификатын алады.

Өтінім

№	аудан / қала	ББҰ атауы	Аты-жөні (педагогтің)	Аталым (номинация)	Жұмыстың атауы	Байланыс телефоны, email

Іс-шараға қатысты мәселелер бойынша ОӘО, №316-кабинетке хабарласуға болады.

(Қарағанды қ., С.Сейфуллин көшесі, 8/2), тел. 44-56-30

Келісілді:
Е. Аринов
А. Сарсембаева
Г. Копбаева
Г. Мукашева

Ж. Дюсембина